

Жезқазған кен орындарының тобын дамыту мәселелерін қарау жөніндегі жұмыс тобын құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2013 жылғы 15 қарашадағы № 181-өкімі

Жезқазған кен орындарының тобын дамыту мәселелерін қарау жөнінде ұсыныстар
ә з і р л е у м а қ с а т ы н д а :

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

И с е к е ш е в Өсет Өрентайұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі, жетекші
Д о с а е в Ерболат Асқарбекұлы	-	Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі, жетекшінің орынбасары
Ө б д і ш е в Бауыржан Түйтеұлы	-	Қарағанды облысының әкімі, жетекшінің орынбасары
Р а у Альберт Павлович	-	Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі, хатшы
С ұ л т а н о в Бақыт Тұрлыханұлы	-	Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
Б о ж к о Владимир Карпович	-	Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі
Д ү й с е н о в а Тамара Босымбекқызы	-	Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі
Ж ұ м а ғ а л и е в Асқар Қуанышұлы	-	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі
Қ а п п а р о в Нұрлан Жамбылұлы	-	Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрі
Ө с к е н б а е в Қайырбек Айтбайұлы	-	Қазақстан Республикасының Өңірлік даму бірінші вице-министрі
С а у р а н б а е в Нұрлан Ермекұлы	-	Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі
Ш ө к е е в Өмірзақ Естайұлы	-	«Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы (келісім бойынша)
О г а й Эдуард Викторович	-	«Қазақмыс» корпорациясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің басқарма төрағасы (келісім бойынша)

2. Жұмыс тобы 2013 жылғы 1 желтоқсанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жезқазған кен орындарының тобын дамыту бойынша негізделген ұсыныстар енгізсін.

Премьер-Министр

С. Ахметов

